

QNTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Терапия және кардиология» кафедрасы		51/11-
«Ішкі аурулар негіздері-1» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы		32 беттің 1 беті
Силлабус		

СИЛЛАБУС

«Ішкі аурулар негіздері-1» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы «БВ10116 «Педиатрия» білім беру бағдарламасы

1.	Пән туралы жалпы мағлұмат		
1.1	Пән коды: IAN 4317	1.6	Оқу жылы: 2025-2026
1.2	Пән атауы: Ішкі аурулар негіздері -1	1.7	Курс: 4
1.3	Реквизитке дейінгі: жалпы патология, ішкі ауруларының пропедевтикасы	1.8	Семестр: 7
1.4	Реквизиттен кейінгі: Ішкі аурулар негіздері -2	1.9	Кредит саны (ECTS): 4
1.5	Цикл: БНП	1.10	Компонент: ЖОК

2.	Пәннің сипаттамасы (максималды 50 сөз)
Жүйе органдарының аурулары туралы білімді қалыптастырады, этика мен деонтологияны, тиімді коммуникацияны, клиникалық диагнозды тұжырымдауды, дәлелді медицинаны қолдануды, медициналық құжаттаманы жүргізуді, диагностика тиімділігі мен емдеу нәтижелерін талдауды ескере отырып, диагностика, фармакотерапия және пациенттерді басқару тактикасы әдістерінің дағдыларын сақтайды.	

3.	Жиынтық бағалау нысаны		
3.1	Тестілеу ✓	3.5	Ситуациялық есептерді шеші
3.2	Жазбаша	3.6	Ауру тарихын жазу
3.3	Ауызша	3.7	Басқа (көрсету)
3.4	Тәжірибелік дағдыларды бағалау ✓		

4.	Пәннің мақсаты
Оқытылатын тұлғада ішкі аурулардың негізгі клиникалық синдромдары кезінде ересек пациенттерге дәрілік заттарды таңдаудың қағидаттарын, аурулардың ағымы мен нәтижесінің патофизиологиялық механизмдерін, физикалық және клиникалық-зертханалық тексеру әдістерін меңгеру негізінде клиникалық ойлау дағдыларын қалыптастыру.	

5.	Оқытудың соңғы нәтижелері (пәннің ОН)
1ОН	Соматикалық аурулары бар пациенттерге амбулаторлық қабылдау жүргізеді, дәлелді медицина қағидаттарына сүйенеді. Анамнез жинайды, физикалық тексеру жүргізеді және алдын ала диагноз қояды. Зертханалық және аспаптық диагностика әдістерін ұтымды түрде тағайындайды. Созылмалы аурулары бар пациенттерге жеке емдеу және реабилитация схемаларын әзірлейді, динамикалық бақылау жүргізеді.
2ОН	Диагностикалық және емдік шараларды таңдауда ғылыми негізделген тәсілдерді қолданады. Заманауи клиникалық ұсынымдар мен ғылыми деректер негізінде жүргізілген емнің тиімділігі мен қауіпсіздігін бағалайды. Клиникалық жағдайларды талдау мен ғылыми жұмыстарды орындау барысында ғылыми зерттеулердің нәтижелерін қолданады.
3ОН	Жедел және созылмалы ішкі ағза аурулары кезінде жоспарлы және шұғыл госпитализацияға жатқызу көрсеткіштерін анықтайды. Әсіресе жас ерекшеліктерін және аурулардың ағым ерекшеліктерін ескере отырып, пациентті жүргізу тактикасын таңдайды. Стационарлық емдеуге уақтылы жолдауды қамтамасыз етеді.
4ОН	Өзінің клиникалық қызметін өзіндік бағалайды және кәсіби дамуға қажеттіліктерін анықтайды. Ғылыми-Тәжірибелік конференцияларға, клиникалық талдауларға қатысады, кәсіби және коммуникативтік дағдыларын дамытады.
5ОН	Медициналық ұйымдардағы санитариялық-гигиеналық және эпидемияға қарсы нормаларды сақтайды. Диагностикалық және емдік процедуралар кезінде пациент пен медициналық персоналдың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Инфекциялық аурулармен жұмыс барысында инфекциялық бақылау шараларын қолданады.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA —1979—	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Терапия және кардиология» кафедрасы			51/11-
«Ішкі аурулар негіздері-1» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы			32 беттің 2 беті
Силлабус			

6ОН	Ішкі аурулардың диагностикасы мен мониторингінде цифрлық технологияларды және жасанды интеллект элементтерін пайдаланады. Электрондық медициналық жүйелерді қолдана отырып заманауи зерттеу әдістерінің нәтижелерін интерпретациялайды. Цифрлық құралдармен жұмыс барысында биоэтика қағидаттарын және дербес деректерді қорғау талаптарын ескереді.					
7ОН	Халық арасында профилактикалық іс-шаралар жүргізеді. Созылмалы аурулары бар пациенттерге арналған сауықтыру және реабилитациялық бағдарламаларды ұйымдастырады және оларға қатысады.					
5.1. Пәннің ОН	Пәнді оқыту нәтижелерімен байланысты білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелері					
ОН 1,2,3	ОН 1 Балаларда жиі кездесетін ауруларды диагностикалау, емдеу, динамикалық бақылау үшін жалпы қабылданған, дамып келе жатқан және үнемі жаңартылып отыратын білімді қоса алғанда, биомедициналық, клиникалық, эпидемиологиялық және әлеуметтік-мінез-құлық ғылымдары саласындағы білімді практикада қолданады.					
ОН 4,5,7	ОН2. Медициналық ұйымдарда және олардың құрылымдық бөлімшелерінде балалар денсаулығын сақтау саласындағы ұйымдастыру, басқару қағидаттарын сақтайды.					
ОН 6	ОН5 Денсаулық сақтауды цифрландыру үдерістері шеңберінде медициналық қызмет көрсету үдерістерін құжаттауды және медициналық-статистикалық ақпаратты басқаруды қамтамасыз ете отырып, денсаулық сақтау жүйесінің электрондық базаларында жұмыс істейді.					
6.	Пән туралы толық ақпарат					
6.1	Өтетін орны (ғимарат, аудитория): г.Шымкент, ОҚМА, АЛЬ-ФАРАБИ 1, тел.: 40-82-26, 40-82-22 (1800), www.ukma.kz, www.ukma.kz/ru, terapiya_med@mail.ru Қ Клиникалық базалар: - Облыстық клиникалық аурухана - №2 қалалық аурухана - Шымкент жүрек орталығы - «Сұңқар Premium» медициналық орталық - «Профмедсервис» медициналық орталық - «Центр позвоночника» медициналық орталық					
6.2	Сағат саны 120	Дәріс	Тәжір. сабақ	Зерт. сабақ.	БООЖ	БӨЖ
	Ішкі аурулар негіздері-1	8	32	-	12	68
7.	Оқытушылар туралы мәліметтер					
№	Т.А.Ж.	Дәрежесі мен лауазымы			Электронды почтасы	
1.	Асанова Галия Кутымбетовна	Каф. меңг. м.ғ.к, доцент м.а.			agk_26@mail.ru	
2.	Абсеитова Сауле Раимбековна	профессор			saule_1947@mail.ru	
3.	Абдухалыков Абай Магжанович	профессор			abai47@mail.ru	
4.	Бекжигитов Спандияр Байжигитович	профессор			bekzhigit_ov63@mail.ru	
5.	Туртаева Айгул Елубаевна	м.ғ.к., профессор м.а.			curtcha@mail.ru	
6.	Аширов Болат Анварович	доцент			ashirov.bolat.80@mail.ru	
7	Кушекбаева Асия Ергешовна	доцент			dr_asia@mail.ru	
8	Серикбаева Мира Турдалиевна	ассистент			Semira70@mail.ru	

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Терапия және кардиология» кафедрасы		51/11-
«Ішкі аурулар негіздері-1» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы		32 беттің 3 беті
Силлабус		

8. «Ішкі аурулар-1 негіздері» пәні бойынша тақырыптық жоспар (VII) семестр						
№	Тақырып атауы	Пәннің қысқаша мазмұны	Пәннің РО	Сағат саны	Оқытудың әдістері/технология-лары	Бағалау түрлері/әдістері
1	Дәріс. Жедел және созылмалы бронхит.	Жедел және созылмалы бронхит. Анықтамасы, этиологиясы. Бронхиттің дамуының патофизиологиялық механизмдері. Классификациясы. Клиникалық көрінісі. Дифференциалдық диагноз. Емдеу принциптері. Бронхолитикалық, қабынуға қарсы, вирусқа қарсы, бактерияға қарсы, муколитикалық препараттардың фармакодинамикасы. Диспансерлік бақылау.	ОН 1,2	1	Шолу дәрісі.	Кері байланыс (сұрақ-жауап)
	Тәжірибелік сабақ. Жедел және созылмалы бронхит.	Бронхообструктивті синдром, Тыныс жеткіліксіздігі синдромы. Клиникалық көрінісі. Бронхообструктивті синдром және тыныс жеткіліксіздігі синдромы дамуының патофизиологиялық механизмдері. Классификациясы. Клиникалық көрінісі. Дифференциалдық диагноз. Емдеу принциптері.	ОН 1,2	3	Шағын топтарда жұмыс. Тесттік тапсырмаларды орындау	Ауызша сұрау. Тесттік тапсырмалардың орындалуын тексеру чек-парағы
	ОБӨЖ/БӨЖ Тақырыбы: Фиброздаушы альвеолит.	Фиброздаушы альвеолит. Этиологиясы. Фиброз альвеолиттің дамуының патофизиологиялық механизмдері. Классификациясы. Клиникалық көрінісі. Дифференциалдық диагноз. Емдеу принциптері. Қабынуға қарсы препараттардың, кортикостероидтердің, цитостатиктердің фармакодинамикасы.	ОН 1,2	1/5	Тақырыпты талқылау. Жоба бойынша жұмыс: ғылыми жобаға арналған жұмыс жоспарын құрастыру	Жағдайлық тапсырмаларды тексеру және шешу Жобаны бағалау.
2	Дәріс. Пневмония.	Пневмония. Анықтамасы, этиологиясы. Пневмония дамуының патофизиологиялық механизмдері. . Классификациясы. Клиникалық көрінісі, диагностикасы. Емдеу принциптері. Қабынуға қарсы, вирусқа қарсы, бактерияға қарсы, препараттардың фармакодинамикасы. Диспансерлік бақылау, профилактикасы.	ОН 1,3	1	Тақырыптық дәріс	Кері байланыс (сұрақ-жауап)

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Терапия және кардиология» кафедрасы		51/11-
«Ішкі аурулар негіздері-1» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы		32 беттің 4 беті
Силлабус		

	Тәжірибелік сабақ. Пневмония.	Пневмония. Анықтамасы, этиологиясы. Әр түрлі қоздырғыштар кезіндегі клиниканың ерекшеліктері. Пневмония дамуының патофизиологиялық механизмдері. Классификациясы. Клиникалық көрінісі. Дифференциалдық диагноз. Емдеу принциптері. Қабынуға қарсы, вирусқа қарсы, бактерияға қарсы, препараттардың фармакодинамикасы. Диспансерлік бақылау.	ОН 1,3	3	«Стандартизделген пациент» Жағдайлық тапсырмаларды орындау	«Стандартизделген пациент» чек-парағы Жағдайлық тапсырмаларды орындау чек-парағы
	ОБОЖ/БӨЖ Тақырыбы: Өкпе ісіктері. Ғылыми жоба/проект:	Өкпе ісіктері. Анықтамасы, этиологиясы. Өкпе ісіктері дамуының патофизиологиялық механизмдері. Классификациясы. Клиникалық көрінісі. Дифференциалдық диагноз. Емдеу принциптері. Химио- және сәулелік терапияның фармакодинамикасы. Хирургиялық емге көрсеткіштер. Ғылыми жоба/проект: Қазақстандағы артериялық гипертензиясы және созылмалы бүйрек ауруы бар пациенттерді проспективті бақылаулық көпорталықты зерттеу	ОН 1,3	1/5	Сабақ тақырыбын талқылау Әдебиеттер мен және RBL электрондық базасымен жұмыс	Ғылыми мақалаларды талдау, жағдайлық тапсырмаларды құрастыру чек-парағы
3	Дәріс. Өкпенің созылмалы обструктивті ауруы.	Өкпенің созылмалы обструктивті ауруы. Анықтамасы, этиологиясы. Өкпенің созылмалы обструктивті ауруы дамуының патофизиологиялық механизмдері. Классификациясы. Клиникалық көрінісі. Дифференциалдық диагноз. Емдеу принциптері. Бронхолитикалық, қабынуға қарсы, вирусқа қарсы, бактерияға қарсы, муколитикалық препараттардың фармакодинамикасы. Диспансерлік бақылау.	ОН 3,5	1	Ақпараттық дәріс.	Кері байланыс (сұрақ-жауап)
	Тәжірибелік сабақ. Өкпенің созылмалы обструктивті ауруы.	Өкпенің созылмалы обструктивті ауруы. Анықтамасы, этиологиясы. Өкпенің созылмалы обструктивті ауруы. . Анықтамасы, этиологиясы. Өкпенің созылмалы обструктивті ауруы дамуының патофизиологиялық механизмдері. Классификациясы. Клиникалық көрінісі. Дифференциалдық диагноз. Емдеу принциптері.	ОН 3,5	3	Шағын топтарда жұмыс Тәжірибелік дағдыларды меңгеру	Ауызша сұрау Тәжірибелік дағдыларды меңгеруді бағалау
	ОБОЖ/БӨЖ Тақырыбы: Жедел тыныс жеткіліксіздігі.	Жедел тыныс жеткіліксіздігі. Анықтамасы, этиологиясы. Жедел тыныс жеткіліксіздігі дамуының патофизиологиялық механизмдері. Классификациясы. Клиникалық көрінісі. Дифференциалдық диагноз. Емдеу принциптері.	ОН 3,5	1/6	Жағдайлық тапсырмаларды құрастыру	Жағдайлық тапсырмаларды құрастыру чек-парағы

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Терапия және кардиология» кафедрасы		51/11-
«Ішкі аурулар негіздері-1» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы		32 беттің 5 беті
Силлабус		

4	Дәріс. Бронх демікпесі.	Бронх демікпесі. Анықтамасы, этиологиясы. Бронх демікпесі дамуының патофизиологиялық механизмдері. Классификациясы. Клиникалық көрінісі. Дифференциалдық диагноз. Емдеу принциптері.	ОН 1,6	1	Мәселелік дәріс.	Кері байланыс (сұрақ-жауап)
	Тәжірибелік сабақ. Бронх демікпесі. Өкпе эмфиземасы.	Бронх демікпесі. Өкпе эмфиземасы. Анықтамасы, этиологиясы. Бронх демікпесі және өкпе эмфиземасы, астматикалық статус дамуының патофизиологиялық механизмдері. Классификациясы. Клиникалық көрінісі. Дифференциалдық диагноз. Емдеу принциптері.	ОН 1,7	3	Стандартизделген пациент» Тесттік тапсырмаларды орындау	«Стандартизделген пациент» чек-парағы Тесттік тапсырмаларды орындау чек-парағы
	ОБӨЖ/БӨЖ Тақырыбы: Өкпе саркаидозы.	Өкпе саркаидозы. Анықтамасы, этиологиясы. Өкпе саркаидозы дамуының патофизиологиялық механизмдері. Классификациясы. Клиникалық көрінісі. Дифференциалдық диагноз. Емдеу принциптері.	ОН 1,7	1/6	Әдебиеттермен және RBL әдебиет базасымен жұмыс Жағдайлық тапсырмаларды құрастыру	Ғылыми мақалаларды талдау Жағдайлық тапсырмаларды шешу
5	Дәріс. Плевриттер.	Плевриттер. Плевриттердің жіктелуі. Анықтамасы, этиологиясы. Плевриттер дамуының патофизиологиялық механизмдері. Классификациясы. Клиникалық көрінісі. Дифференциалдық диагноз. Емдеу принциптері. Қабынуға қарсы, вирусқа қарсы, бактерияға қарсы, препараттардың фармакодинамикасы. Диспансерлік бақылау.	ОН 3,4	1	Тақырыптық дәріс	Кері байланыс (сұрақ-жауап)

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Терапия және кардиология» кафедрасы		51/11-
«Ішкі аурулар негіздері-1» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы		32 беттің 6 беті
Силлабус		

	Тәжірибелік сабақ. Бронхоэктаздық ауру. Өкпе абсцесі және гангренасы.	Бронхоэктаздық ауру. Өкпе абсцесі және гангренасы. Анықтамасы, этиологиясы. Бронхоэктаздық ауру, өкпе абсцесі және гангренасы дамуының патофизиологиялық механизмдері. Классификациясы. Клиникалық көрінісі. Дифференциалдық диагноз. Емдеу принциптері. Қабынуға қарсы, бактерияға қарсы, препараттардың фармакодинамикасы. Диспансерлік бақылау.	ОН 3,4	3	Клиникалық жағдайларды талдау. ҚР ДСМ клиникалық хаттамасымен жұмыс	Ауызша сұрау, жағдайлық тапсырмаларды шешу чек-парағы
	ОБӨЖ/БӨЖ Тақырыбы: Созылмалы өкпелік жүрек. №1 аралық бақылау	Созылмалы өкпелік жүрек. Анықтамасы, этиологиясы. Өкпелік жүрек және өкпелік гипертензия дамуының патофизиологиялық механизмдері. Классификациясы. Клиникалық көрінісі. Дифференциалдық диагноз. Емдеу принциптері.	ОН 3,4	1/6	Жағдайлық тапсырмаларды құрастыру	Жағдайлық тапсырмаларды құрастыру чек-парағы
6	Дәріс. Артериальды гипертензия.	Артериальды гипертензия. Анықтамасы, этиологиясы. Артериальды гипертензия дамуының патофизиологиялық механизмдері. Классификациясы. Клиникалық көрінісі. Дифференциалдық диагноз. Емдеу принциптері.	ОН 4,7	1	Мәселелік дәріс	Кері байланыс (сұрақ-жауап)
	Тәжірибелік сабақ. Артериальды гипертензия.	Артериальды гипертензия. Анықтамасы, этиологиясы. Артериальды гипертензия дамуының патофизиологиялық механизмдері. Классификациясы. Клиникалық көрінісі. Дифференциалдық диагноз. Емдеу принциптері.	ОН 4,7	3	Клиникалық жағдайларды талдау. ҚР ДСМ клиникалық хаттамасымен жұмыс	Ауызша сұрау Жағдайлық тапсырмалар чек-парағы
	ОБӨЖ/БӨЖ Тақырыбы: Симптоматикалық артериальды гипертензиялар.	Симптоматикалық артериальды гипертензиялар. Анықтамасы, этиологиясы. Симптоматикалық артериальды гипертензиялар дамуының патофизиологиялық механизмдері. Классификациясы. Клиникалық көрінісі. Дифференциалдық диагноз. Емдеу принциптері. Қабынуға қарсы, бактерияға қарсы, нефропротективті, антигипертензивті, гиполипидемиялық препараттардың фармакодинамикасы. Диспансерлік бақылау.	ОН 4,7	1/6	Жағдайлық тапсырмаларды құрастыру Жобалық жұмыс	Ғылыми мақалаларды талдау, жағдайлық тапсырмаларды құрастыру чек-парағы Жобаларды бағалау
7	Дәріс. Жүректің ишемиялық	Жүректің ишемиялық ауруы. Анықтамасы, этиологиясы. Жүректің ишемиялық ауруы дамуының	ОН 5,6	1	Тақырыптық дәріс	Кері байланыс (сұрақ-жауап)

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Терапия және кардиология» кафедрасы		51/11-
«Ішкі аурулар негіздері-1» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы		32 беттің 7 беті
Силлабус		

	ауруы.	патофизиологиялық механизмдері. Классификациясы. Клиникалық көрінісі. Дифференциалдық диагноз. Емдеу принциптері. Антиангинальды препараттардың: нитраттар, β-блокаторлар, кальций каналы антагонисттері, наркотикалық анальгетиктер; гиполипидимиялық препараттардың; антиагреганттардың, антикоагулянттардың, фибринолитиктердің фармакодинамикасы. Профилактика, диспансерлік бақылау.				
	Тәжірибелік сабақ. Жүректің ишемиялық ауруы. Стенокардия.	Жүректің ишемиялық ауруы. Стенокардия. Анықтамасы, этиологиясы. Стенокардия дамуының патофизиологиялық механизмдері. Классификациясы. Клиникалық көрінісі. Дифференциалдық диагноз. Емдеу принциптері. Антиангинальды препараттардың: нитраттар, β-блокаторлар, кальций каналы антагонисттері, наркотикалық анальгетиктер; гиполипидимиялық препараттардың; антиагреганттардың фармакодинамикасы. . Профилактика, диспансерлік бақылау.	ОН 5,6	3	Шағын топтарда жұмыс Жағдайлық тапсырмаларды шешу	Ауызша сұрау Жағдайлық тапсырмаларды шешу чек-парағы
	ОБӨЖ/БӨЖ Тақырыбы: Кардиомиопатиялар.	Кардиомиопатиялар. Анықтамасы, этиологиясы. Кардиомиопатиялар дамуының патофизиологиялық механизмдері. Классификациясы. Клиникалық көрінісі. Дифференциалдық диагноз. Емдеу принциптері. β-блокаторлардың, кальций каналы блокаторларының, диуретиктердің, антагонистов альдостерон антагонисттерінің, антиагреганттардың; ионотропты препараттардың фармакодинамикасы. Жүрек трансплантациясы. Кенеттен жүрек өлімінің профилактикасы.	ОН 5,6	2/5	Жағдайлық тапсырмаларды құрастыру	Жағдайлық тапсырмаларды құрастыру чек-парағы
8	Тәжірибелік сабақ. Жүрек ишемиялық ауруы (ЖИА). Миокард инфарктысы	Жүрек ишемиялық ауруы (ЖИА). Миокард инфарктысы. Анықтамасы, этиологиясы. Миокард инфарктысы дамуының патофизиологиялық механизмдері. Классификациясы. Клиникалық көрінісі. Дифференциалдық диагноз. Емдеу принциптері.	ОН 2,3	4	Шағын топтарда жұмыс, ҚР ДСМ клиникалық хаттамасымен жұмыс	Ауызша сұрау және жағдайлық тапсырмаларды орындау чек-парағы
	ОБӨЖ/БӨЖ Тақырыбы: Кенеттен коронарлық өлім.	Кенеттен коронарлық өлім. Анықтамасы, клиникасы. Жүрек-өкпе реанимациясы. Клиникалық өлім сатысындағы шұғыл терапия.	ОН 2,3	2/6	Жағдайлық тапсырмаларды құрастыру	Ғылыми мақалаларды талдау, жағдайлық тапсырмаларды құрастыру чек-парағы

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Терапия және кардиология» кафедрасы		51/11-
«Ішкі аурулар негіздері-1» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы		32 беттің 8 беті
Силлабус		

9	Тәжірибелік сабақ. Бүйректің созылмалы ауруы.	Бүйректің созылмалы ауруы. Анықтамасы, этиологиясы. Бүйректің созылмалы ауруы дамуының патофизиологиялық механизмдері. Классификациясы. Клиникалық көрінісі. Дифференциалдық диагноз. Емдеу принциптері. Бүйректің созылмалы ауруының дамуын бәсеңдететін фармакотерапия, нефро-және кардиопротекторлардың фармакодинамикасы. Гемодиализге, бүйрек трансплантациясына көрсеткіштер.	ОН 1,3	4	Шағын топтарда жұмыс	Ауызша сұрау
	ОБӨЖ/БӨЖ Тақырыбы: Бүйректің созылмалы ауруы.	Бүйректің созылмалы ауруы. Анықтамасы, этиологиясы. Бүйректің созылмалы ауруы дамуының патофизиологиялық механизмдері. Классификациясы. Клиникалық көрінісі. Дифференциалдық диагноз. Емдеу принциптері. Бүйректің созылмалы ауруының дамуын бәсеңдететін фармакотерапия, нефро- және кардиопротекторлардың фармакодинамикасы. Гемодиализге, бүйрек трансплантациясына көрсеткіштер. БСА кезінде диеталық терапия. Нефропротекцияның консервативті әдістері. БСА орынбасушы терапиясы.	ОН 1,3 ,7	1/6	Әдебиеттермен және RBL электрондық азасымен жұмыс. Жоба ойынша жұмыс	Ғылыми мақалаларды талдау, жағдайлық тапсырмалар чек-парағы, жобаны мониторингтеу.
10	Дәріс. Жедел және созылмалы гломерулонефрит.	Жедел және созылмалы гломерулонефрит. Анықтамасы, этиологиясы. Жедел және созылмалы гломерулонефрит дамуының патофизиологиялық механизмдері. Классификациясы. Клиникалық көрінісі. Дифференциалдық диагноз. Емдеу принциптері.	ОН1 ,2,4, 7	1	Тақырыптық дәріс	Кері байланыс (сұрақ-жауап)
	Тәжірибелік сабақ. Жедел және созылмалы гломерулонефриттер	Жедел және созылмалы гломерулонефрит. Иммуносупрессивті: преднизолон, метилпреднизолон, циклофосфамид; кальцийдинингитибиторларының: циклоспорин, такролимус; антигипертензивті, нефропротективті препараттардың: ангиотензин-айналдырушы фермент ингибитор-лары: фозиноприл, эналаприл, рамиприл; кальций каналы блокаторларының: амлодипин, нифедипин; бета-адренорецептор блокаторларының; ангиотензин-II рецептор антагонисттерінің: лозартан, ирбесартан; статиндердің; ілмекті-диуретиктердің: фуросемид, гипотиазид; фармакодинамикасы. Ультрафилтрация және гемодиализ	ОН 1,2,4, 7	3	Шағын топтарда жұмыс, Тәжірибелік дағдыларды меңгеру.	Ауызша сұрау Тәжірибелік дағдыларды бағалау

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		СOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Терапия және кардиология» кафедрасы		51/11-
«Ішкі аурулар негіздері-1» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы		32 беттің 9 беті
Силлабус		

	тиімділігі. Диспансерлік бақылау.				
ОБӨЖ/БӨЖ Тақырыбы: Нефропатия- лардың түрлері.	Анықтама. Нефропатияның түрлері. Дисметаболикалық нефропатия: диабеттік нефропатия, подагралық нефропатия; кардиоренальды синдром; гепаторенальды синдром; дәнекер тінінің диффузды аурулары кезіндегі нефропатия; дәрілік нефропатия; жүктілік нефропатиясы. Нефропатияның дамуының патофизиологиялық механизмдері. Дифференциалды диагностика.	ОН 1,2,4, 7	1/6	Клиникалық жағдайларды талдау. ҚР ДСМ клиникалық хаттамасымен жұмыс	Ғылыми мақалаларды талдау, жобаны бағалау.
Аралық аттестацияны дайындау және өткізу 12 сағат (пәнге берілген жалпы сағаттың 10%) – 15 сағат					

9.	Оқыту әдістері және бақылау түрлері	
9.1	Дәріс	Шолулық, мәселелік, ақпараттық, тақырыптық дәрістер, кері байланыс (сұрақ-жауап)
9.2	Тәжірибелік сабақ	Сабақтың тақырыбын талқылау. Шағын топтарда жұмыс. Ауызша сұрау. Тесттік тапсырмаларды орындау. «Стандартизделген пациент», «стандартизделген пациент» чек-парағы, жағдайлық тапсырмаларды шешу. Тәжірибелік дағдыларды меңгеру. Тәжірибелік дағдыларды бағалау. Клиникалық жағдайларды талдау. ҚР ДСМ клиникалық хаттамасымен жұмыс.
9.3	ОБӨЖ/БӨЖ	Сабақтың тақырыбын талқылау. Жобалық жұмыс: ғылыми жоба бойынша жұмыс жоспарын құрастыру. Жағдайлық тапсырмаларды тексеру және шешу. Жобаны бағалау. Ғылыми мақалаларды талдау, жағдайлық тапсырмаларды құрастыру.
9.4	Аралық бақылау	Тестілеу, ауызша сұрау.

10.	Бағалау критерийлері
10.1	Пәннің оқыту нәтижелерінің бағалау критерийлері

№ Р О	Оқу нәтижелерінің атауы	Қанағаттанарлықсыз	Қанағаттанарлық	Жақсы	Өте жақсы
ОН1	Соматикалық аурулары бар пациенттерге амбулаторлық қабылдау жүргізеді, дәлелді медицина қағидаттарына сүйенеді. Анамнез жинайды, физикалық тексеру жүргізеді және алдын ала диагноз қояды. Зертханалық және аспаптық диагностика әдістерін ұтымды түрде тағайындайды. Созылмалы аурулары бар пациенттерге жеке емдеу және реабилитация схемаларын әзірлейді,	Анамнез жинай алмайды және тексеру жүргізе алмайды; алдын ала диагноз қою кезінде қателіктер жібереді; диагностика мен емдеу әдістерін меңгермеген.	Анамнезді ішінара көмекпен жинайды және тексеру жүргізеді; диагнозды дәлсіздіктермен формулирлейді; шектеулі көлемде тексерулер тағайындайды.	Тексеруді өз бетінше жүргізеді және диагнозды қояды; диагностика мен емді жеткілікті деңгейде тағайындайды, аздаған түзетуді қажет етеді.	Қабылдау жүргізу дағдыларын толық меңгерген; дәлелді медицина қағидаттарына сәйкес тексеруді және емді сауатты жүргізеді.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Терапия және кардиология» кафедрасы		51/11-
«Ішкі аурулар негіздері-1» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы		32 беттің 10 беті
Силлабус		

	динамикалық бақылау жүргізеді.				
ОН2	Диагностикалық және емдік шараларды таңдауда ғылыми негізделген тәсілдерді қолданады. Заманауи клиникалық ұсынымдар мен ғылыми деректер негізінде жүргізілген емнің тиімділігі мен қауіпсіздігін бағалайды. Клиникалық жағдайларды талдау мен ғылыми жұмыстарды орындау барысында ғылыми зерттеулердің нәтижелерін қолданады.	Заманауи клиникалық ұсынымдарды қолданбайды; таңдалған терапия негізделмеген.	Заманауи ұсынымдарды ішінара қолданады; тиімділікті бағалауы үстірт.	Заманауи ұсынымдарды ішінара қолданады; тиімділікті бағалауы үстірт.	Ғылыми деректерді белсенді қолданады, күрделі клиникалық жағдайларды талдайды және оңтайлы шешімдер ұсынады.
ОН3	Жедел және созылмалы ішкі ағза аурулары кезінде жоспарлы және шұғыл госпитализацияға жатқызу көрсеткіштерін анықтайды. Әсіресе жас ерекшеліктерін және аурулардың ағым ерекшеліктерін ескере отырып, пациентті жүргізу тактикасын таңдайды. Стационарлық емдеуге уақтылы жолдауды қамтамасыз етеді.	Госпитализацияға жатқызу көрсеткіштерін анықтай алмайды. Жоспарлы және шұғыл көмекті ажырата алмайды. Аурулардың жас ерекшеліктерін ескермейді. Госпитализация туралы шешімдер өрескел қателіктермен қабылданады немесе мүлде қабылданбайды.	Госпитализацияның жалпы қағидаттарын біледі, бірақ жоспарлы және шұғыл көрсеткіштерді анықтауда қателіктер жібереді. Жас ерекшеліктерін ішінара ғана ескереді. Шешімдері оқытушы тарапынан тұрақты түзетуді қажет етеді.	Клиникалық жағдайлардың көпшілігінде госпитализацияға жатқызу көрсеткіштерін дұрыс анықтайды. Аурулардың жас ерекшеліктері мен клиникалық ағымын ескереді. Шешімдері жалпы алғанда уақтылы және негізді, бірақ оқытушының аздаған нақтылауын қажет етеді.	Жоспарлы және шұғыл госпитализация көрсеткіштерін дәл және негізді түрде анықтайды. Аурулардың жас ерекшеліктері мен клиникалық ағымын терең талдайды. Ведение тактикасы және стационарға уақтылы жолдау туралы шешімдерді дербес қабылдайды. Жоғары деңгейдегі клиникалық ойлау мен жауапкершілікті көрсетеді.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		СOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Терапия және кардиология» кафедрасы		51/11-
«Ішкі аурулар негіздері-1» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы		32 беттің 11 беті
Силлабус		

ОН4	Өзінің клиникалық қызметін өзіндік бағалайды және кәсіби дамуға қажеттіліктерін анықтайды. Ғылыми-Тәжірибелік конференцияларға, клиникалық талдауларға қатысады, кәсіби және коммуникативтік дағдыларын дамытады.	Өзінің клиникалық қызметін сыни бағалай алмайды. Қателіктерін түсінбейді және өзін-өзі дамытуға қызығушылық танытпайды. Конференцияларға, клиникалық талдауларға қатыспайды және коммуникативтік дағдыларын көрсетпейді.	Өзін-өзі бағалаудың қажеттілігін түсінеді, бірақ оны жүйесіз және үстірт жүзеге асырады. Конференцияларға және клиникалық талдауларға пассивті түрде қатысады. Кәсіби және коммуникативтік дағдылары жеткіліксіз дамыған.	Клиникалық қызметін өзіндік бағалауды жүзеге асырады, кәсіби кемшіліктерін анықтайды және оларды жоюға ұмтылады. Конференцияларға және талдауларға жүйелі түрде қатысады, кәсіби дамуда бастама көрсетеді. Коммуникативтік дағдыларын сенімді түрде көрсетеді.	Өзінің клиникалық жұмысының нәтижелерін жүйелі түрде талдайды, жетістіктері мен қателіктерін объективті бағалайды. Конференцияларға белсенді қатысады және баяндамалар жасайды, клиникалық талқылауларды бастамалайды. Жоғары кәсіби жетілгендік деңгейін және дамыған коммуникативтік дағдыларды көрсетеді.
ОН5	Медициналық ұйымдардағы санитариялық-гигиеналық және эпидемияға қарсы нормаларды сақтайды. Диагностикалық және емдік процедуралар кезінде пациент пен медициналық персоналдың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Инфекциялық аурулармен жұмыс барысында инфекциялық бақылау шараларын қолданады.	Санитарлық-гигиеналық және індетке қарсы нормаларды білмейді немесе елемейді. Асептика және антисептика қағидаларын бұзады. Инфекциялық бақылау шараларын сақтамай, пациент пен персонал үшін қауіп төндіреді.	Негізгі санитарлық-гигиеналық талаптарды біледі, бірақ оларды бірізді сақтамайды. Процедураларды орындау кезінде қауіпсіздік техникасы мен инфекциялық бақылау талаптарын кейде бұзады.	Санитарлық-гигиеналық және індетке қарсы нормаларды сақтайды. Пациент пен персоналдың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Инфекциялық бақылау шараларын қолданады, нәтижеге әсер етпейтін аздаған дәлсіздіктер жібереді.	Барлық санитарлық-гигиеналық және індетке қарсы нормаларды қатаң сақтайды. Пациенттер мен әріптестерінің қауіпсіздігі үшін жоғары деңгейдегі жауапкершілікті көрсетеді. Инфекциялық бақылау шараларын үлгілі түрде меңгерген; тәжірибесін белсенді түрде басқаларға жеткізеді.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SKMA —1979—	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Терапия және кардиология» кафедрасы			51/11-
«Ішкі аурулар негіздері-1» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы			32 беттің 12 беті
Силлабус			

ОН6	Ішкі аурулардың диагностикасы мен мониторингінде цифрлық технологияларды және жасанды интеллект элементтерін пайдаланады. Электрондық медициналық жүйелерді қолдана отырып заманауи зерттеу әдістерінің нәтижелерін интерпретациялайды. Цифрлық құралдармен жұмыс барысында биоэтика қағидаттарын және дербес деректерді қорғау талаптарын ескереді.	Цифрлық медициналық жүйелермен жұмыс істеу дағдыларын меңгермеген. Диагностика мен мониторингте жасанды интеллект технологияларын қолданбайды. Биоэтика және деректер құпиялылығы қағидаларын бұзады.	Цифрлық технологиялар саласында базалық білімге ие, бірақ оларды шектеулі пайдаланады. Зерттеу нәтижелерін интерпретациялау кезінде қателіктер жібереді. Электрондық жүйелермен жұмыс істегенде оқытушының бақылауын қажет етеді.	Диагностика және пациенттерді бақылау кезінде цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект элементтерін сенімді қолданады. Биоэтика және дербес деректерді қорғау қағидаларын сақтайды. Деректерді интерпретациялауда аздаған дәлсіздіктер жіберуі мүмкін.	Клиникалық практикада заманауи цифрлық және жасанды интеллект технологияларын еркін қолданады. Зерттеу нәтижелерін дәл интерпретациялайды. Биоэтика, құпиялылық және деректерді қорғау қағидаларын қатаң сақтайды. Жоғары деңгейдегі цифрлық құзыреттілікті көрсетеді.
ОН7	Халық арасында профилактикалық іс-шаралар жүргізеді. Созылмалы аурулары бар пациенттерге арналған сауықтыру және реабилитациялық бағдарламаларды ұйымдастырады және оларға қатысады.	Балалармен профилактикалық және реабилитациялық жұмыс жүргізу қағидаларын меңгермеген. Сауықтыру бағдарламаларын а қатыспайды. Балалар мен персоналдың денсаулығын қорғау шараларын білмейді.	Негізгі профилактикалық және сауықтыру шараларын біледі, бірақ оларды бірізді қолданбайды. Реабилитация бағдарламаларына пассивті түрде қатысады. Оқытушының көмегін қажет етеді.	Профилактикалық және реабилитациялық іс-шараларға белсенді қатысады. Балалардың жас ерекшеліктерін ескереді. Денсаулықты қорғау шараларын іске асырады, іс-шараларды ұйымдастыруда бастамашылдық танытады.	Профилактикалық, сауықтыру және реабилитациялық бағдарламаларды өз бетінше жоспарлап, жүргізеді. Жоғары деңгейдегі ұйымдастырушылық және коммуникативтік дағдыларды көрсетеді. Балалар мен персоналдың денсаулығын қорғау қағидаларын практикада тиімді қолданады.

10.2		Бағалау әдістері және критерийлері	
Тәжірибелік сабаққа арналған чек-парағы			
	Бақылау формасы	Бағалау	Бағалау критерийлері
1	Ауызша сұрау	Өте жақсы: А (4,0; 95-100%)	Оқытылатын тұлға материалды терең меңгерген және толық түсінген. Барлық сұрақтарға сенімді әрі қатесіз жауап береді. Практикадан мысалдар келтіреді, кәсіби және ғылыми терминологияны қолданады, өз позициясын логикалық тұрғыда дәлелдейді. Жауабы жан-жақты, қорытындыларды өз бетінше жасайды.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Терапия және кардиология» кафедрасы		51/11-
«Ішкі аурулар негіздері-1» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы		32 беттің 13 беті
Силлабус		

		A- (3,67; 90-94%)	Жауабы толық және логикалық, болмашы дәлсіздіктер мазмұнға әсер етпейді. Теориялық концепцияларды және олардың тәжірибедегі қолданылуын түсінетінін көрсетеді. Өз көзқарасын дәлелді түрде қорғайды, кәсіби терминологияны меңгерген.
		Жақсы: B+ (3,33; 85-89%)	Жауабы негізінен дұрыс және логикалық, бірақ жекелеген елеусіз қателіктер немесе дәлсіздіктер кездеседі. Тақырыпты жалпы жақсы түсінген, алайда себеп-салдарлық байланыстарды әрдайым терең ашпайды.
		B (3,0; 80-84%)	Жауабы дұрыс, бірақ толық емес. Тұжырымдауда аздаған логикалық олқылықтар бар. Теорияны тәжірибеде қолдануда қиналады, оқытушының нақтылаушы сұрақтарын қажет етеді.
		B- (2,67; 75-79%)	Жауабы тақырыпты ішінара ашады. Терминдерді қолдануда және тұжырымдауда дәлсіздіктер бар. Дәлелдеу әлсіз, мысалдар толық келтірілмеген. Тақырыпты түсіну деңгейі қанағаттанарлық.
		C+ (2,33; 70-74%)	Жауабы тақырыптың негізгі ережелерімен ғана шектеледі. Жекелеген қателіктер жібереді, бірақ оқытушының ескертуінен кейін түзетеді. Кәсіби терминдерді әрдайым орынды қолданбайды.
		Қанағаттанарлық: C (2,0; 65-69%)	Жауабы толық емес, базалық ұғымдарда қателіктер кездеседі. Материал жүйесіз берілген, логикалық бірізділік бұзылған. Оқытушының жиі нақтылауын қажет етеді.
		C- (1,67; 60-64%)	Оқытылатын тұлға жауап беруде қиналады. Білімі үстірт және фрагменттік. Негізгі, принциптік қателіктер жібереді, сұрақтың мәнін әрдайым түсіне бермейді.
		D+ (1,0; 50-54%)	Жауап формалды, сұрақтың мәнін ашпайды. Оқытылатын тұлға тақырып бойынша минималды білімге ие. Қателіктер көп, логикалық бірізділік жоқ.
		Қанағаттанарлықсыз FX (0,5; 25-49%)	Жауабы толық емес және қате. Тақырыптың негізгі ұғымдарын меңгермеген. Ғылыми терминологияны қолданбайды, білімін тәжірибеде қолдана алмайды.
2	Жағдайлық тапсырмаларды шешу	F (0; 0-24 %)	Жауаптың мүлде болмауы немесе толықтай қате болуы. Материалды меңгермеген, тақырыпты түсінбейді. Білім деңгейін бағалау мүмкін емес.
		Өте жақсы: A (4,0; 95-100%)	Оқытылатын тұлға терең білім мен клиникалық ойлауды көрсетеді. Анамнез, физикалық тексеру және зертханалық деректердің барлығын дұрыс интерпретациялайды. Диагнозды логикалық және дәлелді түрде тұжырымдайды, оңтайлы диагностикалық және емдік әдістерді тағайындайды. Шешімдерін дәлелді медицина тұрғысынан негіздейді. Жауап толық, логикалық және дербес.
		A- (3,67; 90-94%)	Тапсырма шешімі дұрыс, клиникалық қорытындыға әсер етпейтін болмашы дәлсіздіктер болуы мүмкін. Диагностика және емдеу алгоритмдерін сенімді қолданады, логикалық ойлай алады. Жауабы құрылымды, жоғары деңгейдегі клиникалық ойлауды көрсетеді.
		Жақсы: B+ (3,33; 85-89%)	Жалпы тапсырманы дұрыс орындайды, бірақ диагноз тұжырымында немесе тағайындауларда жекелеген дәлсіздіктер жібереді. Дәлелдеу жеткілікті, бірақ әрдайым толық емес. Пациентті жүргізу тактикасын дұрыс анықтайды, патогенез бен клиникалық логиканы түсінетінін көрсетеді.
		B (3,0; 80-84%)	Тапсырманы шешудің негізгі кезеңдері дұрыс орындалған, бірақ талдаудың тереңдігі жеткіліксіз. Зертханалық деректерді интерпретациялауда немесе ем таңдауда қателіктер болуы мүмкін. Жауабы логикалық, бірақ нақтылау мен түзетуді қажет етеді.
		B- (2,67; 75-79%)	Шешім жартылай дұрыс. Диагностика бағытын дұрыс анықтайды, бірақ егжей-тегжейлі бөлшектерде және ем тактикасында қателіктер

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Терапия және кардиология» кафедрасы		51/11-
«Ішкі аурулар негіздері-1» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы		32 беттің 14 беті
Силлабус		

			жібереді. Шешімін әрдайым негіздей алмайды. Талдау кезінде оқытушының көмегін қажет етеді.
		C+ (2,33; 70-74%)	Шешімде елеулі дәлсіздіктер бар. Оқытылатын тұлға пациентті жүргізудің негізгі кезеңдерін біледі, бірақ оларды әрдайым дұрыс қолдана алмайды. Логикалық олқылықтар мен клиникалық тұжырымдардың жеткіліксіз негізделуі байқалады.
		Қанағаттанарлық: C (2,0; 65-69%)	Тапсырма ішінара орындалған. Диагноз қоюда және емдік тактиканы анықтауда қателіктер кездеседі. Клиникалық деректерді тексеру нәтижелерімен байланыстыра алмайды. Тақырыпты түсіну үстірт.
		C- (1,67; 60-64%)	Шешім толық емес, диагностика мен емдеуде өрескел қателіктер бар. Клиникалық ойлау жеткіліксіз дамыған. Шешім логикасын түсіндіру үшін оқытушының көмегі қажет.
		D+ (1,0; 50-54%)	Тапсырма формалды орындалған, көптеген принциптік қателіктер жіберілген. Диагноз және ем дұрыс таңдалмаған. Клиникалық логика жоқ, материал минималды деңгейде меңгерілген.
		Қанағаттанарлықсыз: FX (0,5; 25-49%)	Шешім тапсырма талаптарына сәйкес келмейді, клиникалық жағдайдың мәнін түсінбейді. Қателіктер жүйелі, пациент деректерін талдай алмайды.
		F (0; 0-24 %)	Тапсырма орындалмаған. Білімнің, клиникалық ойлаудың және талдау дағдыларының толық болмауы. Жауапты бағалау мүмкін емес.
3	Тәжірибелік дағдыларды бағалау	Өте жақсы: A (4,0; 95-100%)	Оқытылатын тұлға дағдыны толық және қатесіз орындайды; әрекеті сенімді, логикалық және бірізді; коммуникациясы дұрыс; барлық кезеңдер мен пациент қауіпсіздігі сақталған.
		A- (3,67; 90-94%)	Дағды іс жүзінде мінсіз орындалған, нәтижеге әсер етпейтін болмашы дәлсіздіктер бар. Клиникалық ойлау және техника жоғары деңгейде.
		Жақсы: B+ (3,33; 85-89%)	Дағды жақсы орындалған, бірізділік сақталған, бірақ детальдарда немесе коммуникацияда жекелеген кемшіліктер бар. Клиникалық шешім дұрыс қабылданған.
		B (3,0; 80-84%)	Негізгі кезеңдер дұрыс орындалған; аздаған қателіктер бар, бірақ олар жалпы нәтижеге әсер етпейді.
		B- (2,67; 75-79%)	Оқытылатын тұлға дағдыны жалпы дұрыс орындайды, бірақ техникада немесе логикада бірнеше қателік жібереді; бірізділікті жақсарту қажет.
		C+ (2,33; 70-74%)	Дағды қанағаттанарлық деңгейде орындалған, бірақ айтарлықтай кемшіліктер бар. Кейбір кезеңдер өткізіліп кеткен немесе сенімсіз орындалған. Қосымша жаттығулар қажет.
		Қанағаттанарлық: C (2,0; 65-69%)	Минималды талаптар орындалған. Бірнеше қателік және хаттамаға сай келмейтін тұстар бар, бірақ маңызды кезеңдер сақталған. Дағдыны жетілдіру қажет.
		C- (1,67; 60-64%)	Оқытылатын тұлға дағдының тек бір бөлігін орындаған; бірізділік бұзылған; қайта оқытуды талап ететін елеулі қателіктер бар.
		D+ (1,0; 50-54%)	Дағды өте сенімсіз орындалған; маңызды кезеңдер жіберілген; процесті түсіну үстірт.
		Қанағаттанарлықсыз: FX (0,5; 25-49%)	Оқытылатын тұлға жалпы принципті түсінеді, бірақ техника дұрыс емес. Кезеңдердің көбісі қате орындалған немесе мүлдем орындалмаған. Дағдыны қайтадан толық меңгеру қажет.
		F (0; 0-24 %)	Оқытылатын тұлға дағдыны меңгермеген; бірізділік, техника және клиникалық мәнділік туралы түсінік жоқ.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Терапия және кардиология» кафедрасы		51/11-
«Ішкі аурулар негіздері-1» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы		32 беттің 15 беті
Силлабус		

4	«Стандартизделген пациент» чек-парағы	Өте жақсы: А (4,0; 95-100%)	Оқытылатын тұлға клиникалық және коммуникативтік шеберліктің жоғары деңгейін көрсетеді. Пациентпен өзара әрекеттесу алгоритмін толық сақтайды: – сәлемдесу, өзін таныстыру, әңгімелесудің мақсатын айту; – анамнезді құрылымды, логикалық және толық жинау; – ашық сұрақтар, нақтылаушы сұрақтар; – белсенді тыңдау, эмпатия; – қорытындыны сауатты жасау және жоспарды түсіндіру.
		A- (3,67; 90-94%)	Оқытылатын тұлға консультацияны өте сапалы жүргізеді, бірақ болмашы дәлсіздіктер бар (мысалы, бір сұрақты өткізіп жіберу немесе шағын аспектіні нақтыламауы мүмкін). Коммуникация кәсіби және құрметті деңгейде қалады. Жалпы құрылым сақталған.
		Жақсы: B+ (3,33; 85-89%)	Оқытылатын тұлға пациентпен сенімді түрде қарым-қатынас жасайды, бірақ құрылымда болмашы бұзылулар немесе сұрақтардың жеткіліксіз тереңдігі байқалады. Эмпатия бар, бірақ тұрақты емес. Кезеңдердің басым бөлігі дұрыс орындалған.
		B (3,0; 80-84%)	Әңгімелесудің негізгі элементтері сақталған: – шағым, анамнез, өмір анамнезі, қабылдайтын дәрілері, аллергиялар, зиянды әдеттер. Кейбір сұрақтар өткізіліп кеткен немесе үстірт қойылған. Коммуникация құрметті, бірақ кейде механикалық сипатта болады.
		B- (2,67; 75-79%)	Әңгімелесу құрылымы жартылай бұзылған. Анамнездің кейбір маңызды бөліктері өткізіліп кеткен. Пациент дәрігерді түсінеді, бірақ консультацияның формалды екенін сезеді.
		C+ (2,33; 70-74%)	Оқытылатын негізгі сұрақтарды қояды, бірақ бірізділік жоқ. Әңгіме логикасында қиындықтар байқалады, эмпатия жеткіліксіз, кейде дұрыс емес тұжырымдар кездеседі. Соған қарамастан, анамнез алудың жалпы мақсатына қол жеткізіледі.
		Қанағаттанарлық: C (2,0; 65-69%)	Минималды талаптар орындалған: шағым және анамнездің бір бөлігі жиналған. Ірі бөлімдер өткізіліп кеткен, құрылым бұзылған. Коммуникация ресми, сенім қалыптаспаған. Айтарлықтай жақсартуды талап етеді.
		C- (1,67; 60-64%)	Оқытылатын тұлға сұрақтарды ретсіз қояды, құрылым сақталмайды. Пациент өзін жайсыз сезінеді немесе түсінбеушілік байқалады. Эмпатия минималды. Ақпараттың елеулі бөлігі жиналмаған.
		D+ (1,0; 50-54%)	Негізгі элементтердің көбі өткізіліп кеткен: өзін таныстыру жоқ, құрылым жоқ, жоспарды түсіндіру жоқ. Пациент өзін естігендей сезінбейді.
		Қанағаттанарлықсыз: FX (0,5; 25-49%)	Оқытылатын тұлға клиникалық сұхбаттың жалпы мағынасын түсінгенімен, оны іс жүзінде жүзеге асыра алмайды. Сұрақтардың көпшілігі не сәйкес емес, не мүлдем қойылмаған. Коммуникация бұзылған, алгоритм сақталмаған.
	F (0; 0-24 %)	Оқытылатын тұлға клиникалық сұхбат алу дағдысын меңгермеген. Құрылым жоқ, коммуникация жоқ, міндеттерді түсінбейді. Пациент үшін қауіпсіздік деңгейі жеткіліксіз, коммуникация толық бұзылған	
ОБӨЖ/БӨЖ-ге арналған тексеру парағы			
1	Ғылыми мақалаларды талдау	Өте жақсы: А (4,0; 95-100%)	Талдау жоғары ғылыми және аналитикалық деңгейде орындалған. Оқытылатын тұлға тақырыпты терең түсінетінін көрсетеді, мақаланы сауатты талдайды, деректердің дәлдігін, зерттеу әдістерін және қорытындыларды бағалайды. Талдау логикалық, құрылымды және тілдік безендірілуі жоғары деңгейде. Сұрақтарға сенімді және дәлелді түрде жауап береді.
		A- (3,67; 90-94%)	Оқытылатын тұлға материалды сенімді түрде ұсынады, зерттеудің мәнін түсінетінін көрсетеді, деректерді дұрыс бағалайды және қорытынды жасайды. Болмашы дәлсіздіктер талдау сапасына әсер етпейді.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA —1979—	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Терапия және кардиология» кафедрасы			51/11-
«Ішкі аурулар негіздері-І» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы			32 беттің 16 беті
Силлабус			

		Жақсы: B+ (3,33; 85-89%)	Материал жалпы дұрыс ашылған, бірақ терең сыни талдау жоқ. Деректерді интерпретациялауда аздаған дәлсіздіктер бар. Талдау құрылымды және логикалық, аргументация жеткілікті.
		B (3,0; 80-84%)	Талдау үстірт орындалған, әдіснаманы және ғылыми маңыздылығын егжей-тегжейлі бағалау жоқ. Жекелеген дәлсіздіктер бар, аргументация әлсіз. Сұрақтарға жауап береді, бірақ оқытушының көмегімен.
		B- (2,67; 75-79%)	Талдау ақпаратқа толы, бірақ сыни көзқарасты көрсетпейді. Фактілер келтірілген, бірақ интерпретация жоқ. Мақала қорытындыларын бағалауда қателіктер кездеседі.
		C+ (2,33; 70-74%)	Тақырыпты шектеулі деңгейде түсінеді. Мақала мазмұнын талдаусыз қайта баяндайды. Негізгі қорытындыларды және ғылыми жаңалықты бөліп көрсете алмайды.
		Қанағаттанарлық: C (2,0; 65-69%)	Талдау минималды, дербес қорытындылар жоқ. Деректерді интерпретациялауда өрескел қателіктер бар. Слайдтар құрылымсыз, ауызша бөлім сенімсіз.
		C- (1,67; 60-64%)	Мақаланы талдаусыз қайта баяндау. Зерттеу әдіснамасы мен клиникалық маңыздылығын түсінбеу байқалады.
		D+ (1,0; 50-54%)	Жұмыс формалды орындалған. Деректерді баяндауда және логикада қателіктер бар. Сыни талдау жоқ. Мақала мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бере алмайды.
		Қанағаттанарлықсыз: FX (0,5; 25-49%)	Талдау тақырыпқа сәйкес келмейді немесе өрескел қателіктермен орындалған. Материалды түсінбеу байқалады, құрылым, талдау және қорытындылар жоқ.
		F (0; 0-24 %)	Талдау жоқ немесе тапсырма талаптарына мүлде сәйкес келмейді. Түсіну және ғылыми мазмұн толықтай жоқ.
2	Жағдайлық тапсырмаларды құрастыру	Өте жақсы: A (4,0; 95-100%)	Жағдайлық тапсырма әдістемелік талаптарға және клиникалық логикаға толық сәйкес келеді. Онда келесі элементтер бар: нақты клиникалық жағдай; құрылымды анамнез; объективті деректер (қарау, талдаулар, аспаптық зерттеулер); клиникалық ойлауға арналған логикалық тізбек; дұрыс жауап нұсқалары немесе шешімнің күтілетін кезеңдері; қателіктердің, дәлсіздіктердің және екіұштылықтың болмауы. Формулировкалары түсінікті, жинақы және кәсіби.
		A- (3,67; 90-94%)	Жағдайлық тапсырма жоғары сапада құрастырылған, бірақ ұсақ кемшіліктер бар: бір диагностикалық қадам өткізіліп кеткен, анамнез аздап жеңілдетілген немесе екінші дәрежелі деталь жетіспейді. Жалпы клиникалық мәні бұзылмайды.
		Жақсы: B+ (3,33; 85-89%)	Кейс құрастырылған, құрылымы сақталған, бірақ детализация жеткіліксіз. 1-2 маңызды элемент жеңілдетілген немесе қысқартылған болуы мүмкін. Қателіктер жоқ, бірақ сапаны жақсартуға болады.
		B (3,0; 80-84%)	Жағдайлық тапсырма шешуге қолайлы және логикалық, бірақ: анамнез ішінара толық емес; кейбір объективті деректер жоқ; формулировкалардың кейбірі нақтылауды қажет етеді. Соған қарамастан, клиникалық ойлау тізбегін қалпына келтіруге болады.
		B- (2,67; 75-79%)	Негізгі компоненттер берілген, бірақ толық емес: формулировкаларда дәлсіздіктер бар; бірізділік бұзылған; диагностикалық ақпараттың бір бөлігі көрсетілмеген. Клиникалық логика сезіледі, бірақ оны күшейту қажет.
		C+ (2,33; 70-74%)	Жағдайлық тапсырма құрастырылған, бірақ сапасы төмендеп тұр: құрылымы шашыраңқы; анамнез бен объективті деректер ішінара жоқ; стилистикалық және әдістемелік қателіктер бар. Тақырыпты түсіну байқалады, бірақ түзету қажет.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Терапия және кардиология» кафедрасы		51/11-
«Ішкі аурулар негіздері-1» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы		32 беттің 17 беті
Силлабус		

	Қанағаттанарлық: C (2,0; 65-69%)	Жағдайлық тапсырма формалды түрде жасалған, бірақ: маңызды деректер жоқ; клиникалық логика бұзылған; дұрыс емес немесе артық мәліметтер берілген; формулировкалар бірізді емес.
	C- (1,67; 60-64%)	Тапсырманың көп бөлігі фрагменттелген. Анамнез, диагностика, тексеру — үстірт берілген. Логикалық олқылықтар, терминологиялық қателіктер және құрылымның бұзылуы байқалады.
	D+ (1,0; 50-54%)	Жағдайлық тапсырма дұрыс құрастырылмаған: негізгі аспектілер жоқ; клиникалық логика қате; деректер бір-біріне қайшы; құрылым жоқ. Кейс орындауға жарамсыз.
	Қанағаттанарлықсыз: FX (0,5; 25-49%)	Кейс құрастыруға талпыныс бар, бірақ нәтиже нерелевантты: деректер байланыссыз; клиникалық мән жоқ; диагноз немесе тактика қалыптастыру мүмкін емес.
	F (0; 0-24 %)	Жағдайлық тапсырма құрастырылмаған немесе толықтай қате. Клиникалық мән, құрылым және деректер жоқ. Жауапты бағалау мүмкін емес.

Жобалық жұмыстарды бағалау критерийлері			
1	Жобаның мақсатын қою және жобаны жоспарлау	Өте жақсы: A (4,0; 95-100%)	Жобаның мақсаты нақты қойылған, қолжетімді және міндеттермен логикалық байланысты. Жұмыс жоспары шынайы, кезеңдер, мерзімдер және ресурстар көрсетілген.
		A- (3,67; 90-94%)	Мақсат түсінікті және қолжетімді, жоспар жалпы алғанда логикалық, бірақ жекелеген кезеңдер толық ашылмаған.
		Жақсы: B+ (3,33; 85-89%)	Мақсат дұрыс тұжырымдалған, бірақ жоспар үстірт, детализациясыз.
		B (3,0; 80-84%)	Мақсат түсінікті, бірақ жоспардағы тұжырымдар анық емес, әрекеттердің бірізділігі жоқ.
		B- (2,67; 75-79%)	Мақсат жалпы сипатта, жобаның мәнін толық ашпайды, жоспар фрагменттелген.
		C+ (2,33; 70-74%)	Мақсат толық емес тұжырымдалған, жоспардың бір бөлігі жоқ.
		Қанағаттанарлық: C (2,0; 65-69%)	Мақсат нақты емес, жоспар шынайы емес немесе жоқ.
		C- (1,67; 60-64%)	Мақсат пен жоспар жоба тақырыбына сәйкес келмейді.
		D+ (1,0; 50-54%)	Мақсат пен жұмыс жоспары жобаның мазмұнына сәйкес емес.
		Қанағаттанарлықсыз: FX (0,5; 25-49%)	Мақсат жоқ, жоспар ұсынылмаған.
